



Yesbossynov, Y., Kospaganbetova, N. (2024). Түрік мемлекеттік әнұраны - Истиклал Маршына 100 жыл, *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, 7(3), 283-294.

## ТҮРІК МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ – ИСТИКЛАЛ МАРШЫНА 100 ЖЫЛ

Yergali YESBOSSYNOV\*

Nurzhamal KOSPAGANBETOVA\*\*


**Түйіндеме:** Бірінші Дүниежүзілік соғыстың жалыны Осман түріктерінің мекені Анадолы жеріне де жеткен. Жаңадан құрылып жатқан Түркия Республикасы жан-жағынан тап берген жаумен күресуге мәжбүр. Азамат соғысы басталып кетті. Бұл соғыс ерекше қақтығыс болып Анадолы елінің ғана емес, бүкіл түркі жұрты үшін күреске айналды. Өзінен әлдеқайда басым, техникалық жағынан ұтымды жарактанған әскери басқыншылыққа қарсы тұруға тура келді. Осындай алмағайып кезеңде Анадолы елінің рухын көтеріп, атын асқақтататын ұран керек еді. Ол - әнұран болатын. Көп кешікпей Ататүрік бастаған ел басшылары жаңа елдің жаңа әнұраны болуға тиіс деген шешімге келді. Сол дәуір түрік оқымыстылары мен танымал ақын-жазушылары маңызды жұмысқа кірісіп кетті. Солардың арасында Мехмет Акиф Ерсой да болды. Мемлекеттік комиссияға жолданған жүздеген ұсыныстардың ішінен Мехмет Акифтің Истиклал маршы менмұндалап алдыға шықты. Себебі ол көпшіліктің құлағына әп-сәтте сіңіп аз уақытта жас пен кәрінің, жарлы мен бай-манаптың күш-қуатын бір арнаға құятын құдыретті сөзге айналды. Қалың жұрттың көңілінен шықты. Мұнда діни наным-сенім мен ұлттық салт-дәстүр біріккендей болды, адами рух пен намыс-қайрат та осы сөзден көрінді. Жаңадан құрылған Түркия Республикасының халқына асқақ рух берді, тар жол тайғақ кешу заманында түрік қоғамын біріктіретін мызғымас күшке айналды. Бұл Акифтің гимні еді. Сол кезде осы өлеңнің ғасырдан астам уақыт ішінде бірде-бір сөзі өзгермей сол қалпы асқақтата айтылатынын, мәңгілік әнұран болатынын ешкім болжамап еді.

**Кілт сөздер:** *Бірінші дүниежүзілік соғыс, Ататүрік, Мехмет Акиф, мемлекеттік гимн.*


### STATE ANTHEM OF TURKEY: 100 YEARS OF THE ISTIKLAL MARCH

**Abstract:** The flames of the First World War reached Anatolia, home of the Ottoman Turks, and the newly formed Republic of Turkey had to fight with the enemy from all sides. The civil war started. This war was a special one. There was a struggle not only for the Anatolian country but for all of the Turkic peoples. They had to resist the military invasion, which was much superior to them and technically rationally equipped. In such a difficult period, a slogan was needed that would raise the spirit of the Anatolian country and exalt its name. After a short time, the leaders of the country, led by Atatürk, decided that the new country must have a new national anthem. Turkish scholars and famous poets and writers of that era started important work. Among them was Mehmet Akif Ersoy. Amid the hundreds of proposals sent to the state commission, Mehmet

\* Қауымдасқан профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Филология факультеті, [ergaliesb@gmail.com](mailto:ergaliesb@gmail.com)

 ORCID ID: 0000-0002-5477-2116

\*\* Магистр, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [gabitkyznurzhamal@gmail.com](mailto:gabitkyznurzhamal@gmail.com)

 ORCID ID: 0000-0003-1305-3710

Akif's Istiklal march stood out. It instantly caught the ears of many people and, in a short time, became a powerful word that could channel the energy of the young and the old, the poor and the rich. People liked it. Here, religious beliefs and national traditions seemed to be united, and the human spirit and courage were also reflected in this word. It inspired the people of the newly founded Republic of Turkey, and the narrow road became an unshakable force that united Turkish society in times of turmoil. It was the national anthem. At that time, no one could have predicted that this poem would become an eternal hymn that would be sung in the same way without changing its words for more than a hundred years.

**Keywords:** *First World War, Atatürk, Mehmet Akif, national anthem.*

Қазақстан мен Түркия арасындағы гуманитарлық бағыттағы байланыстар жан-жақты және көпсалалы екендігі мәлім. Әсіресе 1990 жылдары негізі қаланған және әртүрлі ведомствоаралық келісім-шарттармен рәсімделген іс-жоспарлар тұрақты дамиды ынтымақтастыққа жол салды. Мұны әсіресе гуманитарлық және білім беру салаларынан көруге болады. Сонымен қатар әр екі елдің саяси даму картасында өшпес із қалдырған ірі саяси оқиғалар мен ұлы тұлғалар еңбектерінің зерттеу барысы мен бағыт-бағдарлары қашанда өзекті де маңызды іс екендігін көрсетті.

Екі ел арасындағы рухани және мәдени жағынан жақындастыра алатын әмбебап құрал тарих, мәдениет пен ғылым екендігі анық. Осы орайда бауырлас халықтардың тарихында елеулі із қалдырған тұлғаларының өмірі мен шығармашылығын оқырмандарға жеткізу, – ғалымдар мен оқымыстылардың мәртебелі міндеттерінің бірі болса керек. Осы ретте Мехмет Акиф Ерсой сияқты танымал саяси тұлғаның еңбектерінің аударылуы, зерттеліп саралануы, сала мамандары мен зерттеуші қауым мен қатардағы оқырманды да қызықтырса керек.

### **Тақырып (гимн)**

Қандай да бір ел болмасын мемлекеттік рәміздер сол елдің бетке ұстар мақтанышы, елдік символы мен тәуелсіз мемлекет құру сатысының жады мен тарихи тұғыры. Бұл тұрғыда мемлекеттік әнұран ерекше орынға ие екендігі анық. Себебі әнұран – «Отанды, Атамекенді, мемлекетті, тарихи оқиғалар мен олардың батырларын мадақтайтын поэтикалық- музыкалық шығарма, мемлекеттің негізгі рәміздерінің бірі. Әнұранның бірнеше түрлері болады: әскери, діни, төңкерістік және т. б. Оның әуені де, сөзі де рух көтеретін салтанатты, үлкен мақсаттарға жетелейтін мәтіні болу керек (Саяси түсіндірме сөздік, 2007, б. 101). Қазіргі уақытта әнұран сөзі «елұран» (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008, б. 69). және «гимн» (Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі, 2019, б. 125) сөздерімен қатарласа қолданылып жүр.

Түркия Республикасының құрылу тарихы және сол дәуір саяси қайраткерлері мен танымал ақын-жазушылары шығармашылығына қатысты қазақтілді деректер жоқ емес. Мысалы, 2012 ж. жарық көрген «Түрік поэзиясы» басылымы мына сөздермен басталады: «Кешегі Кеңес заманында түркі тектес халықтардың Оралдан Қара теңізге, Алтайдан Анадолыға дейін ен жайлап жатқан ірілі-ұсақты талай-талай ұлыстарға бөлініп жататынын білсек те туысқандық таным көкжиегімізді кеңейтуге мүмкіндігіміз бола бермегені белгілі. Сол түркі тектестердің ішінде бір кездері өзіміздің кең даламыздан, Сыр өзенінің бойы мен Арал теңізінің жағалауынан кеткен, Кіші Азияда жеке мемлекетін құрып отырған түрік ағайындарымыздың орны бөлек екендігін сезінгенімізбен, олар жайлы мәлімет жоқтың қасы еді. Қысқасы, «Ел мен елдің арасына елшілікке ақын жүреді» деген қабырғалы қағиданы ұстанып әңгіме өрбітер болсақ, қазақ оқырманының Кеңестің қоластында өткен жетпіс жылында Назым Хикмет пен Әзиз Несин секілді бірнеше түрік қаламгерінің ғана шығармашылығын жан-жақты білуі біздің тоталитарлық идеологияның темір құрсауында мықтап маталғанымызды аңғартса керек». Осы басылымның 82 бетінде Мехмет Акиф Ерсой өмірі туралы шағын мәлімет берілген: «1873 жылы Стамбұлда дүниеге келіп, 1936 жылы осы қалада

өмірден өтті. Төрт жасынан бастап жергілікті мектепте, сосын Қаржы колледжінде дәріс алған. Өз бетінше ізденіп, парсыша, арабша хат таныған. 1889-1893 жылдар аралығында мемлекеттік мал дәрігерлік оқу орнын үздік бітіріп, бірқатар елдерде осы мамандығы бойынша жұмыстар атқарған. Республика кезеңінің көрнекті ақыны, мал дәрігері, ұстаз, қари, Құран Кәрімнің аудармашысы, халық қалаулысы. Ұлт-азаттық соғысы кезінде елді бірлікке, ерлікке шақырған айтулы тұлғалардың бірі. Түркия Республикасының ұлттық әнұраны саналатын «Тәуелсіздік әнұранының» авторы. «Отан ақыны» және «ұлттық ақын» аталған ақынның басты шығармалары «Чанаккале дастаны», «Бұлбұл» дей келе Тәуелсіздік маршы – Истиклал маршы, Торығу (Ümidi kesmek), Бірлік (Birlik), Зорлық пен қарсылық (Zorluk ve Dayanıklılık), Жолаушы, бері қара? (Heu Yolcu, Bugaya Bak) өлеңдерінің үзіндісін Жұмаш Көкбөрі аудармасында берген.

Истиклал Маршының қазақша аудармасы 3 шумақты, 12 тармақты, 3 бунақты және 16 буынды, ұйқасы - шұбыртпалы (а-а-а-а) түрінде орындалған:

Қорықпа елім, ал қызыл ту, енді мәңгі желбіреп,  
Жер ошақта қалған шоқтай, ұлтымызға өң кірер,  
Бұл Жалғанда басқа күш жоқ, жұлдызымды сөндіреп,  
Ол – менікі, ұлтымдікі, растығын ел білер»  
Құрбандығың мен болайын, жарқырай түс, Жаңа Айым!  
Қаһарман ел нәсілімін, саған тура қарайын.  
Қаным төгіп, Тәуелсіздік отын мәңгі жағайын,  
Сені ұлтымның қасиетті Тәңіріне балайын.  
Мен бұрын да азат ел ем, алда тағы азатпын,  
Қай есуас бұғау салмақ! Санасызға ғажаппын!  
Буырқанған сел боламын жолын кесер мазақтың,  
Быт-шыт етер қандайын да тосқауылдың, азаптың.  
Көкжиегі құрыш қорған, Батыс бізден қорқады,  
Иманым бар, шекарам бар бөліп тұрған ортаны.  
Иманыма қол салды ма, олар үшін сор тағы,  
Ұли берсін, өздерінше, өркенді елдің қорқауы.  
Ар, ождансыз, имансызды, жолатпа, елім, абайла,  
Тосқауыл қой, арсыздықта, шекара жоқ, қарай ма?  
Сенімді бол, туар күнің, Тәңіріңді тағы ойла,  
Бәлкім бүгін, бәлкім ертең, бір келеді қалайда.  
«Жәй жер ғой»-деп, таптамағын ата-баба аруағын,  
Шейіт болған кебінсіз-ақ жатыр онда арманың.  
Сен солардың ұрпағысың, алмақтың біл салмағын,  
Түсінерсің сонда ғана Ұлы Отанның бар мәнін.  
Отаны үшін, Жұмағы үшін кім бас тартар өлімнен!  
Аруақтар да күңіренеді, ерте кеткен өмірден.  
Жанымды алсын, жарымды алсын, Тәңірімнен жерінбен,  
Тек, дүние, айырмасын Отанымнан, жерімнен!  
Тәңірімнің тілеуінде тіршіліктің мәні де,  
Жаттың қолы жуымасын қасиетті тәніме.  
Дін, Азанның азалы үні күңіренсін әлі де,  
Бүкіл әлем құлақ түрсін Ұлы Елімнің әніне.  
Мен ол кезде шабыт қысып, сәждеге мың жығылам,  
Бар жарамның аузын ашып, қанды жаспен жуынам.  
Менің жаным медет тауып топырақтың буынан,  
Көк ғарышқа көтеріліп, сол қуаттан жылынам.

Толқи түс, сен, жарқыраған алтын Айым қияқтай,  
 Кешірілсін осы жолда төгілген қан бұлақтай.  
 Нәсілімнің асыл тегін – қуаттай бер, қуаттай,  
 Тәуелсіздік – Хақтың жолы, соған ұлттым, табынған,  
 Азат елдің куәсіндей, Туды ұстаймын құлатпай! (Түрік поэзиясы, 2012, б. 3-8).

Осы аударманы күніміздегі лексикалық және поэтикалық-көркемдік жағынан ең үздігі деп бағаладық. Көкбөрі аудармасын басқа варианттармен салыстыру үшін Райхан Имаханбеттің 4 сәуір, 2016 ж. Абай. kz жарияланған *Мехмет Акиф Ерсойдың өмір жолы барлық мұсылманға өнеге* тақырыбындағы шағын жазбасына қараған жөн. Жазба авторы Мехмет Акифтің өмірі мен шығармашылығына шағын шолу жасай келе Истиклал Маршының қазақша аудармалары туралы былай дейді: «Түрік тіліндегі түпнұсқамен қазақ тіліне аударылған екі түрлі нұсқаны қаз-қатар беруді жөн көрдім. Қазақшаланған бірінші нұсқа – Әбдіуақап Қара, Мұқаш Қожақметұлының аудармасы, мәтін Ә.Қараның жеке сайтынан алынды. Ал, екінші нұсқа «Қазақ үні» атты 2000 жылдан Алматы қаласында шыға бастаған қазақ ұлттық порталының сайтында «Бауырлас түркия ақындарының поэзиясы» атты арнайы мақалада бірінші болып Мехмет Акиф Ерсойдың поэзиясына орын берілген. М.А.Ерсойдан басқа Зия Гөкалып, Нусейін Ниһал Атсыздың өлеңдері, Фәдли Әлидің жолма-жол тәржімәсі бойынша жарық көрген» (<https://www.abai.kz/post/43619>).

Истиклал Маршының орыс тіліндегі аудармаларына қатысты зерттеулер түрік ғалымдары тарапынан да қолға алына бастады. Сондай еңбектердің бірі аударма нұсқасын текстологиялық, лексикалық, стилистикалық және поэтикалық жағынан талдаған. Осы зерттеуден алынған және мақала авторы Олена Козан «аударма біздікі» деген ескертпесімен берілген мәтінінен үлгі ретінде екі шумағын бере кетуді жөн көрдік:

<p>Korkma, sönmez bu şafaklarda yüzen al sancak;          Sönmeden yurdumun üstünde tüten en son ocak. O benim milletimin yıldızıdır, parlayacak;          O benimdir, o benim milletimindir ancak!</p>	<p>Прочь страх! На закатах этих будет реять алый стяг,          Пока на родине дымится хоть один очаг.          Флаг этот моей нации звезда-будет он сверкать!          Он мой, он нации моей был и будет принадлежать!</p>
<p>Çatma, kurban olayım, çehreni ey nazlı hilal!          Kahraman ırkıma bir gül... Ne bu şiddet, bu celal?          Sana olmaz dökülen kanlarımız sonra helal;          Hakkıdır, Hakk'a tapan, milletimin istiklal.</p>	<p>Лик свой не омрачай, ради всего святого,          О полумесяц, своенравия ты полон!          С улыбкой ты взгляни на мой народ-герой!          К чему эта жестокость и гнев такой?          Не будет прощена тебе в веках пролившаяся кровь,          Свобода - есть право моего народа,          хранящем в сердце истинного Бога.          (Kozan, 2021, б. 1503).</p>

Түркия зерттеулеріне қатысты ішінара назарға ілігіп жүрген кеңестік идеологияның жалғасы қазіргі уақытта да көрініс беруде. Осындай өткінші және конъюктуралық үгіт-насихатты тасушы басылымдар еліміздің ЖОО орындарында оқу құралы ретінде әлі де пайдалану үстінде. Мысалы, 1990 ж. Мәскеуде «Наука» баспасынан шыққан «Турецкая Республика» кітабы ескі «кеңестік» дәстүрді бұзбай таптық және «орыстық» тұрғыда талдап-саралауын өзгертпеген: «...Мемлекеттілікті жетілдіру мақсаты тұрғысында буржуазиялық дәстүрге басымдық берілді. 29 қазан, 1923 ж. Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі Түркия Республикасын жариялады. Тұңғыш президенті болып Мұстафа Кемал сайланды. Республика жарияланғаннан кейін кемалисттер маңызды реформалар мен түбегейлі өзгерістерге бастайтын әрекетке көшті. Осының арқасында ортағасырлық тоқырауды бәсеңдетіп елге буржуазиялық

негізді жүйе енгізу басталып кетті» (Аксененко, Гасратян, 1990, б. 32). Стиль мен мазмұндық жағынан ұқсас деректердің дәлме-дәлін А.Д.Новичевтің 1965 ж. Мәскеуде жариялаған «Турция. Краткая история» еңбегінен көре аламыз (Новичев, 1965, б. 605).

Түркі елдері саяси қайраткерлері мен ақын-жазушылар еңбектерінің мазмұндық бағыт-бағдарының классикалық үлгідегі талдап-саралануын 2018 ж. профессор Дандай Ысқақұлы «Тілдер тоғысындағы түркі әлемі» еңбегінде атап өткен. Шығарма авторы түркі елдерінің тарихи және саяси дамуының идеологиялық астарын баяндай келе мынадай қорытындыға келеді: «Түрлі саяси, географиялық факторлардың әсерімен бір-бірінен ажырап қалған түркі халықтары бір кездерде түрлі себептермен ұмытып қалған ортақ құндылықтарын жандандыруға, сөйтіп өзара жақындаса түсуге бағыт алып отыр. Шығу тегі ғана емес, рухани жағынан да туыстық - түркі әлемін бірлікке бастайтын аса қуатты факторлардың бірі. Сондықтан да әрбір түркілік этнос өзіне ғана тән құндылықтармен өмір сүрумен бірге түркілік ортақ құндылықтарды да игеріп, күнделікті тіршілік игілігіне асырудың да маңызы күн санап артып келеді» (Дандай Ысқақұлы, 2018, б. 605). Осы деректермен мазмұндас түрік ғалымдарының жарияланымдары қазақтілді басылымдарда да кездеседі: «Ерсойдың көзқарасында идеал жастық» тақырыбындағы мақалада М.А.Ерсойдың өмірі мен шығармашылығына шолу жасалып саяси көзқарасы мен ағартушылық қызметі туралы баяндалады. «Сафахат» топтамасында орын алған «Асым» поэтикалық диалогына қатысты деректер бере келе, «2006 жылы 17 мамырда Мехмет Акифтің депутат атанған Бұрдүр қаласында «Мехмет Акиф Ерсой университеті» ашылды. 2011 ж. Түркияда Мехмет Акифтің дүние салғанына 75 жыл және Истиклал Маршының қабылданғанына 90 жыл толуына орай үкімет басшысы Режеп Тайып Ердоғанның ұсынысы бойынша «2011 ж. - Мехмет Акиф Ерсой жылы» деп жарияланды. Түркияда Мехмет Акиф Ерсой есімі берілген 250 жуық бастауыш және орта мектеп, осы көрсеткішке жақын аудан, ықшамаудан мен көше атаулары бар» деп тұжырымдайды (ҚазҚызҰПУ Хабаршысы, 2013, б. 86).

М.А.Ерсой шығармашылығын қазақ ойшыл ақындары мен саяси тұлғалары шығармашылығымен салыстыра зерттеу нысандары да кездеседі. Солардың бірі М.Әуезовтың «Абай жолы» романы мен М.А.Ерсойдың «Сафахат» жинағына арналған. Мұнда осы шығармалардың адами және моральдық құндылыққа қатысты концептілері зерттеу объектісіне айналған» (Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, 2009, б. 33). Ал Осман сұлтандығының хронологиялық даму тарихы мен саяси тоқырауға ұшырау кезеңі туралы мәліметті Халықаралық Түркістан энциклопедиясынан көре аламыз: «...Ресей 1783 ж. Қырым хандығын жаулап алуын толық аяқтады. Қандас түрік мұсылман елінің қолдан кетуі хан сарайына үлкен моральдік соққы беріп, тұралатып тастады. 1787 ж. басталған орыс-түрік соғысы тағы жеңіліспен аяқталды. Ози қамалы 1789 ж. таққа Сұлтан Селим III хан отырды. Осы дәуірден бастап Осман елі, әсіресе, гуманитарлық салада Еуропаға жақындай түсіп, әскерлер мен зиялы қауым, оқымыстылардың текетіресі мен дау-дамайы басталды. Саяси ахуал ушыға түсіп, қоғамның екіге "Еуропашыл" және "Османшыл" болып бөліну қаупі туады. Сұлтан Селим II әскери төңкеріс нәтижесінде басшылықтан кетуге мәжбүр болады. 1807 ж. Мұстафа IV таққа отырады. Мұстафа хан тақта бір-ақ рет отырып, орнын 24 жастағы Сұлтан Махмұтқа береді (1808). Сұлтан Махмұт II ішкі саяси реформа бастап, жаңа әскери доктрина жариялады. Ішкі саяси дағдарыс пен сыртқы әскери текетірес басқару реформасын едәуір тежеп, енді Балқаннан айырылып қалу қаупі төнді. Сонымен қатар осы дәуірде Еуропа үлгісінде алғашқы саяси газет-журналдар шыға бастады. Әскери-саяси текетіреске қарамай, гуманитарлық, әсіресе, білім-ғылым жағы еселене дами түсті. Патшаның ой-арманы барлық әкімшілік және әскери саланы Еуропа үлгісінде реформалау еді. Еуропа елдеріне үсті-үстіне оқушы жіберіп, батыс үлгісінде білім

алуларына мемлекеттік қолдау көрсетті. Сұлтан Махмұт II хан қайтыс болғаннан кейін, таққа ұлы, 16 жастағы Абдулхамид отырды. Абдулхамид дәуірінде мемлекеттік құрылымның барлық тетігін қамтыған тоқырау кезеңі басталады. Патшаның басқару тәжірибесінің шектеулігі Осман сұлтандығының шөгу сатысының басталуына әкеліп соғады. Таққа соңынан отырған бауыры Абдулазиз хан, содан кейін ұлдары Абдулхамид II (1876 -1908), Мехмед Решад (1908- 18) және Мехмед Вахидеддин (1918 -22) Осман түрік елін нығайта алмай дәрменсіздік танытты. Әлемдік өркениетке өшпес үлес қосып, қайталанбас мәдени мұра қалдырған Османдықтар осылайша, өзінің алтыншы ғасырға аяқ басқан ұзақ өмірінде әлемдік қоғамдастықтың қатардағы бір мүшесіне айналуға мәжбүр болды. Көп уақыт өтпей, бір кездергі Осман Империясының тарихи мирасқоры болып табылатын Түркия Республикасы орнады» (Халықаралық Түркістан Энциклопедиясы, 2002, б. 523).

### Талдау

Түркия Республикасының құрылып-қалыптасуының алғашқы кезеңдері Бірінші Дүниежүзілік соғысы мен одан кейінгі саяси дағдарысқа алып келген ірі өзгерістерге тұспа-тұс келді. Ұлт тәуелсіздігі үшін күрес тек қана әлеуметтік-экономикалық даму бағытын түбегейлі өзгерту мақсатында болмай, халық арасындағы идеологиялық жұмыспен қатар жүруін талап етті. Осындай шешуші сәттерде елі мен жерін қорғау үшін жан аямай еңбек еткен ұлт қахармандары суырылып алға шықты. Түркияның сондай қахарман тұлғаларының бірі – Мехмет Акиф Ерсой. Ол Түркия Республикасын құрушы Мұстафа Кемал Ататүріктің үзеңгілес досы, түрік елі тәуелсіздігінің жалынды жаршысы. Ататүрік құрған үкіметтің белсенді мүшесі, мемлекеттік әнұранның авторы. Көзі тірісінде Анатолия халқының құрметі пен ризашылығына бөленген саясаткер, ағартушы, ақын, жазушы, теолог, әдебиет зерттеушісі.

Түріктің Истиклал Маршы Мехмет Акиф Ерсойдың шығармашылығына тікелей байланысты. Ақын өлеңдерінің құрылымдық және лексикалық сипаты Қазақстанда әлі де тыңғылықты зерттеу нысанына іліге қоймаған османдық түрік тілі төңірегінде өрбитіні сөзсіз. Кеңес дәуірі заманында Қазақстандық түркітану ғылымы әсіресе, Орта ғасыр жазба ескерткіштері зерттеулерімен қоса Алтын Орда – Осман Империясы сияқты тақырыптарда кедергілер мен шектеулерге тап болғандығы мәлім. Бұған Алаш Орда оқымыстыларының еңбектерінің жабық болып зерттеу нысаны ретінде «қауіпті» деп танылуы да әсер еткені анық. Бұл өз кезегінде Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштері – Осман тілі жазба ескерткіштері параллелінде айқын көрініп, тарих ғылымы мен түркітанудағы жеке және ірі ғылыми бағыт – османтанудың кенже қалуына себеп болды. Соның нәтижесінде кеңес дәуіріндегі, соңынан тәуелсіз Қазақстанда османистика саласы, оның ішінде Кіші Азия өңірі тарихы – Түркия зерттеулері өз алдына жеке ғылыми сала ретінде қалыптаса алмады. Ал сұраныс тауып отырған ғылыми және көпшілік әдебиетті Мәскеу мен Ленинград, Киев пен Қазан сияқты ғылыми мекемелерде жарық көрген еңбектермен алмастыруға мәжбүр болды. Мұны соңғы уақыттарда қазақ тілінде жарияланған басылымдар да атап өтуде: «... Қазіргі кезде түркілік бағыттағы идеология ұстанып отырған бірден-бір мемлекет – Түркия. Бес жастағы баласынан еңкейген қариясына дейін исі түркіні өз туысымыз, ескі жұртта, ежелгі түркі мекенінде түтін түтетіп отырған бауырлас елдер деп ұғады. 1923 ж. Ататүрік реформасынан кейін бұл елдің этнографиялық бет-бердесі нағыз түркілік нышан алды. Тілі, өнері ғажап дамыған елдердің қатарына қосылды. Бізде кейбір ұмытылып бара жатқан ескі сөздерді немесе грек, латын сөздерінің тілімізге бойлай еніп кеткен түріктік баламасын, олардың сөздігінен табуға болады. Тарих, көне әдебиет, өнер туралы да соны айтуға болады» (Түркі әлемі, 1995, б. 67).

Түркия гимнінің әні мен музыкалық оранжировкасын Зеки Үнгөр орындады. Азамат соғысының қиын-қыстау күндерінде қара халықтың, қалың жұртшылықтың құлағына жағымды, сөзі жатық, сонымен қатар патриоттық реңгі басым әнге деген қажеттілік туды. Ол әнұран еді. Бұл ән елге, ұлтқа жаңаша леп пен жаңаша өмірдің жаршысы ретінде танылуы тиіс еді. Сол жылдары, яғни 1921 жылы Түркияның ұлттық білім министрлігі Мемлекеттік әнұранға конкурс жариялайды. Конкурсқа 724 өлең қабылданады. Бірінші орынға ие болатын өлең авторына сыйақы ретінде 500 лира берілетінін ести сала, Мехмет Акиф Ерсой конкурсқа қатысудан бас тартады. Алайда Ұлттық білім министрлігінің Бөлім бастығы Хамдуллах Супхидің жетекшілігіндегі мемлекеттік комиссия мүшелері, Мехмет Акифке сыйақысыз қатысу шартын ұсынып ортақтаса бір келісімге келеді. Мехмет Акиф Ерсой өз өлеңін конкурсқа жолдайды. Кейінірек айтқанындай, осы әнұранның алғашқы нобайын *Tacetin Dergahı* атты ұйымға барып жүргенде жазған екен. Конкурс төрешілерінің талқылауы мен сұрыптауы нәтижесінде Мехмет Акиф Ерсойдың өлеңі 12 наурыз 1921 жылы Түркия Республикасының парламенті – Ұлы Ұлттық Мәжіліс шешімі бойынша Түркия Республикасының Мемлекеттік Әнұраны деп танылады. Жаңа түрік елінің жаңа әнұранын Мәжілістегі депутаттармен қоса Мұстафа Кемалдың өзі орнынан тұрып қошаметпен қол шапалақтап қарсы алады. Ресми қабылданғаннан кейін дереу ағылшын, неміс, француз, венгр және парсы тіліне аударылып республика өңірлеріне және алыс-жақын шет елдерге таратылады (Dr. Nihan Altınbaş, 2015, б. 35).

Ал өлең авторы сыйақы төлемін алудан бас тартып сол кезде *Dârûlmesâî (İşevi Hilal-i Ahmer (Kızılay))* деп аталатын «Қызылай қайырымдылық қоғамына» сыйға тартады.

Әнұранның әнін жазу туралы деректер де назар аударарлық. Өлеңнің әні үшін жарияланған екінші конкурсқа 24 композитор қатысады. 1924 ж. Анкарада бас қосқан Мемлекеттік Комиссия мүшелері ең бірінші *Али Рыфат Чағатай* есімді сазгердің әнін қабылдайды. Әнұранның осы композитор арқылы жазылған нұсқасы 1924-ші жылдан 1930-шы жылға дейін қолданыста болады. 1930-шы жылы *Осман Зеки Үнгөр* есімді сазгер әнұран музыкасы мен композициялық құрылысын батыс еуропа елдері стиліне жақындатып өзгертеді. Сонымен ескі ән үлгісі 1930 жылға дейін қолданыста болып, кейінірек өзгеріске ұшырап, заман талабына сай жаңғырып қазіргі көрінісіне ие болады. Сол дәуірдің Президенттік Симфония оркестрі Осман Зеки Үнгөрдің сонау 1922 жылдан бері дайындап жүрген вариантын көпшілікпен мақұлдап, тоғыз шумақтан құралған әнұранның жаңа музыкалық редакциясын бекітеді. Дәл осы уақытта әнұранның түпнұсқа мәтініндегі кейбір жолдар мен шумақтар болымсыз өзгерістерге ұшырайды. Музыкалық редакция барысында сол кезеңнің атақты композиторлары *Едгар Манас* пен *Ихсан Сервет Күнчер* де белсене араласады. Осы уақыттарда түрік мемлекеттік гимні «Истиклал Маршы» деген атауға ресми түрде ие болады (сонда, s.38). Осман Зеки Үнгөр туралы мәліметті А.Г.Аксененконың «Турецкая Республика» анықтамалық еңбегінің «Республика дәуірі: музыка» графасынан көре аламыз: ...жаңа Түрік Республикасы музыкалық элитасының бірінші толқыны Стамбұл қалалық симфониялық оркестрін үздіксіз отыз жыл басқарған Кемал Решит Рейдің есімімен байланысты. Ол үш симфония, бес концерт, көптеген опера, оперетта мен шағын музыкалық туындылардың авторы. Ал екінші толқын республика дәуірінде білім берген ұлттық консерваториялардың түлектері. Олар тек қана өз елдерінде емес, Европада да танымал болды. Осы екінші толқын элитасы дәстүрлі халық музыкалық-фолкльорлық туындыларын классикалық еуропа музыкасымен ұштастыра білді. Бұлардың арасында Бюлент Арел, Ильхан Усманбаш, Эртугрул Огуз Фырат, Ильхан Кемаль Мимароглу сияқты жаңашыл орындаушы мен композиторлар орын алды. Осы оркестрдің арқасында көптеген жаңа буын түрік композиторлары өсіп шықты,

араларында түрік мемлекеттік гимні – Истиклал Маршының музыкасын жазған Осман Зеки Унгюр (1880-1958) де болды (Турецкая Республика. Справочник, 1990, б. 281).

Тарихи құжаттарға қарағанда Түркия әнұранының екі композиторы бар. Бірінші композиторы Али Рыфат болса, екіншісі, - Осман Зеки Унгюр.

Түрік әнұранының алғашқы нұсқаларын Мехмет Акиф Ерсой араб алфавитімен жазған. Осы нұсқалар әнұран ретінде ресми түрде қабылданған соң тұңғыш рет «Açıksöz - Ашықсөз» газетінде жарияланады. Кейінірек Кастамону Мемлекеттік кітапханасы мұрағатына сақталуға берілген (Dr. Nihan Altınbaş, 2015, б. 34-36).

### Қорытынды

Мехмет Акиф Ерсойдың әнұран жазу уақыты Түрік Республикасының қиын-қыстау, «жау жағадан алған, дұшпан етектен тартқан» уақытына дәлме-дәл келеді. Жұрт аш-жалаңаш. Әскер жүдеу. Осындай таршылық пен тапшылық заманында түрік жұртын дүр сілкіндіретін, түрік армиясына рух беретін «әскери әннің» қажеттілігі сезіліп тұрды. Мұндай алмағайып заманда Мехмет Акифтей ақын-жазушылар, оқымыстылар, тілші-әдебиетшілер өздерінің мәртебелі орындарынан табыла білді. Солардың бірі және бірегейі Мехмет Акиф еді. Ол өз әнұранында түрік жұртының өткені мен болашағын, қазіргі жағдайы мен тарихи жадын тағы бір мәрте дүр сілкіндіргендей болды. Түрік халқының мемлекеттік тәуелсіздігін паш еткен әнді жетідегі сәби мен жетпістегі шау тартқан қария да айтатын болды. Ән бүкілхалықтық қолдауға ие болды. Анатолия түрік халқының бүкіл қайғы-қасіреті мен үміті, сенімі осы әнде жиынтақталып, шиыршық атқандай болды. Республиканы мекен еткен халықтың патриоттық сезімін еселей түсті. Ән авторы түрік халқының бастан кешкенін жүрегімен сезіне отырып Анадолы түрік тарихындағы ең зәру, ең өміршең тамаша туындының бірін өмірге әкелді.

Түркия әнұранында халықтық мақсат пен мүдде, тілек пен міндет белгілі бір қалып, рет бойынша орналасқандай. Жазылған/айтылған әрбір сөзі күллі адамзат баласына ортақ пафостық ренк пен философиялық ой-мақсатқа толы, көркемдік жағы әсем де сәнді. Әнұрандағы әрбір сөз ел тәуелсіздігінің қаланған керпішіндей, қиюын тапқан тастай үйлесімін таба кеткен. Ақын осындай терең ұғым мен салмақты философиялық толғауды он шумақ өлеңге сыйдыра білген. Мұнда саяси әсіре қызу сөздермен қоса үміт пен батылдықты, адами тұлға мен елдік сананы да дәріптейтін сөздерді табуға болады. Мұнда әрбір азаматты бірінші кезекте өзін тани білуі туралы, отанын сүю мен құрметтеу, барға қанағат деген сияқты шумақтарды кездестіре аламыз. Композициялық құрылысының басқа бір ерекшелігі ретінде алғашқы өлең шумақтары адами үрей мен қорқу, дүлей қаранғылық пен шарасыздықтан басталса, одан кейінгі шумақтары үміт пен сеніммен жалғасын табады. Мехмет Акиф Ерсой өлең шумақтарындағы сөз бен сөз тіркестеріне айрықша мән берген, әртүрлі мазмұн мен формадағы фразеологизмдер мен халықтық фразаларды жиірек қолданған. Бұған мысал ретінде *мемлекет, ұлт, шейіт болу, әділет, дін, тіл, діл, азан, жәннат, тозақ* және т.б. сөздерді айта аламыз. Ал кейбір сөздер мен сөз тіркестері реті мен иініне қарай әсем түрде ұйқасы мен мәнін тауып қайталанып беріліп отырған (сонда, 36).

Мехмет Акиф Ерсой дос-жарандарына әнұран туралы айтқанда «Ол заман күншуақты жайдары күн емес, қараңғы, қапас күндер еді. Өлеңде осындай халықтық күйзелістің ізі сайрап жатыр. Қиын-қыстау кезеңде ұлтқа үміт беретін, рухын көтеріп елдік санасын асқақтататын ән керек болды. Бұл ән солай туды. Бұл өлең қайтадан жазылмайды. Оны ешкімде жаза алмас. Оны мен де қайта жаза алмаспын. Мұндай әнді жазу үшін ол күндерді бастан кешіп, көзбен көру керек. Өлең енді маған тиесілі емес. Иесі мен емеспін. Өлең ұлтқа тиесілі, ұлт меншігі. Менің өз ұлтыма қалдырған ең құнды сыйым осы өлең» деген екен. Бұл сөздерін ауыр науқастанып жатқанда айтса



керек. Тәуелсіздік әнұранын еліне сыйға тартқан Мехмет Акиф Ерсой 27 желтоқсан 1936 ж. дүниеден өтті. Түріктің байрағына оралған денесі көне қала Стамбұлдың Едирнекапы мазарлығын мәңгілік мекен етті.

Әр жылдың 12-ші наурызы Түркияның Әнұранды қабылдаған күнімен қоса Мехмет Акиф Ерсойды еске алу күні болып табылады (Сонда, б. 44-45).

Акиф, Тәуелсіздік Маршын алғашында екі газет пен бір журналға берген. Анкарада бірінші рет 17 ақпан 1921 ж. *Hâkimiyet-i Millîye* - *Хакиmiet-и Миллие* газетінде және *Себилүррешад* журналында шықты. 4 күннен кейін, 21 ақпан, 1921 ж. *Ачыксөзде* жарияланды. 4-ші мәрте 29 қаңтар, 1921 ж. Кония қаласының *Өгүт* газетінде жарық көрді. Кастамону қаласындағы *Ачыксөз* газеті 123-ші санының (Ачыксөз (1921), 716 /21. Ақпан:1) бірінші бетінде Тәуелсіздік Маршының құлаққағысын оқырмандарына былайша жеткізді: Аса жоғары мәртебелі ақын-жырауымыз, үлкеніміз Мехмет Акиф Бейефендинің баға жетпес шығармашылығының шыңы - Истиклал Маршының өңіріміздегі тұңғыш жарияланымын шығару біздің газетімізге бұйырды. Өлеңнің әрбір жолы мен сөзі түріктің асқақ рухын паш ететін патриоттық сезімге толы. Мұны жариялау біз үшін үлкен мәртебе және зор бақыт; қараңыз: проф. Мехмет Серхат Йылмаз. *Мехмет Акиф Ерсой (Өмірі-Ой-толғамдары-Шығармалары - Hayati-Düşünceleri-Eserleri)*. TBMM Basımevi - 1. Baskı Haziran 2022. б. 705-723).

Мехмет Акиф Ерсойдың Истиклал Маршы Ұлт-Азаттық Соғыстың жеңісін жақындатты. Ақын, 1-ші Дүниежүзілік соғыстың жалыны жақындаған Анадолы өңірлерін аралады. Балыкесир, Афион, Анталия, Стамбұл, Чанкыры, Кастамону сияқты аймақтарға барып жергілікті халықтың рухын көтерді, түрік халқының жерін түгендеп, барын жоқтап намысын қайрады, озық үлгідегі білім-ғылымға шақырды. Барған жерінде аумақтық тұтастық пен жергілікті сепаратизмге қарсы үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Ол қанды майданды тылда жүріп күшейткен, ұлттың рухани және идеологиялық тұрғыда ұйысып, бірігіуіне өлшеусіз үлес қосқан ойшыл-ақын ретінде танылды.

Истиклал Маршы жекелеген деректерге қарағанда 1921 ж. бастап кипрлық түріктердің де мемлекеттік әнұраны. 1976 ж. Жерорта теңізіндегі Кипр аралының солтүстік бөлігі Солтүстік Кипр Түрік Республикасын жариялады. Мемлекеттік гимн деп Мехмет Акифтің әнін таңдап құрлықтық Түркиямен тілдік, әлеуметтік-саяси, демографиялық және экономикалық тұрғыдан кооперацияға бет бұрды. 1985 ж. өз Конституциясын қабылдады ([https://tr.wikipedia.org/wiki/Kuzey\\_Kıbrıs\\_Türk\\_Cumhuriyeti](https://tr.wikipedia.org/wiki/Kuzey_Kıbrıs_Türk_Cumhuriyeti)). Сөйтіп жүз жылдан астам уақыт бірде бір сөзі, әрпі мен үтірі, ноктасы өзгермеген Мехмет Акиф өлеңі Анадолы елі мен Кипр аралының аспанында асқақтап қалықтап жүр. Ұлы Даланың Алаш Ордасымен үндестік тапқан өршіл өлеңі тағы да жүз жылдап айтылмақ, көктің төрінен түспей биіктерден көріне бермек.

### Қайнақша

Aksenenko, A.G. Gasratyan, M.A. (1990). *Turetskaya respublika*. Moskva, Institut Vostokovedeniya AN.

Altınbaş, Nihan (2015). *Milli Mücadele’de Mehmet Akif Ersoy ve İstiklal Marşı*. TBMM Basımevi.

Ayan, Ekrem (2013). Mehmet Akif Ersoy’dın közkararasında ideal jastık. *Kazak kızdar ulttik pedagogikalık universiteti Habarşısı*. 2(44).

Esbosın, E., Sadık Tural (2002). *Halıkaralık Türkistan ensiklopedyası*. Osman Sultandığı. Kazak Ensiklopedyasi Bas Redakşyası.

*Kazak tilinin tüsindirme sözdigi* (2008). Dayk-Pres.

- Kazak Tilinin Kirme Sözder Sözdüğü* (2019). Nur-Sultan, Ulttıık Audarma Byurosı.
- Novıçev, A.D. (1965). *Turtsya. Kratkaya İstorya*. Moskva, İzdatelstvo “Nauka”.
- Olena Kozan (2021). Bir kültür deęiřmezi olarak İstiklâl Marşı: çeviri amaçlı çözümleme ve çeviri sorunları (Türkçe Rusça Dil çifti). *Erciyes Akademi*, 35(4), 1503-1517.
- Sadıkov T.S., Abdrahmanov H.A. (1995). *Türki Alemi*. Abay Atındağı Almatı Memlekettik Universiteti.
- Sayasi Tüsindirme sözdik* (2007). Jüveli Zertteuler İnsitutu.
- Türk Poezyası* (2012). Bas Redaktor Jakıp B., “Kazak Ensiklopedyası”
- Aksenenko A.G., Şamsutdinov A.M. (1990). *Turetskaya Respublika. Spravoçnik*. Akademya Nauk SSSR, İnsitutum Vostokovedenya.
- Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi* (2009). Muhtar Avezov’un “Abay Yolu” Adlı Romanı ile Mehmet Akif Ersoy’un “Safahat” Adlı Eserinde Örnek İnsan Tipi. cilt: IX, Sayı 1, İzmir. s. 33-44.
- Iskakulı, Danday (2018). *Tilder Togısındaki Türki Alemi*. Almatı.

### **Elektronik Kaynaklar:**

<https://www.abai.kz/post/436195> (eriřim tarihi: 01.06.2024)

[https://www.tr.wikipedia.org/wiki/Kuzey\\_Kıbrıs\\_Türk\\_Cumhuriyeti](https://www.tr.wikipedia.org/wiki/Kuzey_Kıbrıs_Türk_Cumhuriyeti) (eriřim tarihi: 01.06.2024).

### **Extended Summary**

The emergence of Mehmet Akif Ersoy’s national anthem coincides precisely with the period of the World War I and the decline of the Ottoman Empire, marking the initial days of the new, secular Turkish Republic. During this time, the social conditions in Anatolia were dire, with the population experiencing severe poverty and famine. Additionally, with the encouragement of England and other Western countries, Greece intensified its provocative actions in the border regions of Turkey, even launching open military attacks in some areas. Amidst such trying times, there was a palpable need for a “military anthem” to inspire the Turkish people and boost the morale of the Turkish army. Mehmet Akif Ersoy, along with other poets, writers, scholars, and linguists, rose to the occasion from their esteemed positions. Among these notable figures, Mehmet Akif Ersoy stood out. In his poem, which he would later name İstiklâl Marşı, he eloquently captured the past and future of the Turkish nation, conveying the current complex situation with patriotic fervor. He called upon his people and the Turkish nation to rise in the struggle for independence. The anthem garnered widespread support among the Anatolian Turks, embodying their collective sorrow, hope, and faith.

The research on Mehmet Akif Ersoy in Kazakh or within Kazakhstan is scant. His works, life, and literary persona were studied by a limited number of scholars during the Soviet era. This limited exploration was primarily due to the obstructive policies of the Russian totalitarian system, which promoted ideologies of “Pan-Turkism” and “Pan-Islamism,” posing significant barriers to such research. The works and political activities of prominent figures like Alikhan Bukeikhan, Mustafa Shokay, Akhmet Baitursyn, and Yeldes Omar, the founders of the Kazakh Alash Orda government, were banned, similar to the censorship imposed on Azerbaijani Mehmet Emin Resulzade, Tatar Yusuf Akchura, Gabdulla Tukay, and Turkish poet Mehmet Akif Ersoy. Their works were prohibited from being openly discussed, published, or propagated.

It is understandable, then, why Mehmet Akif Ersoy’s works were either not studied or inadequately explored in Kazakhstan. Additionally, the Soviet Union’s political system, rooted in Russian totalitarianism, limited research on political figures labeled as “Pan-Turkists” primarily to central Russian cities like Moscow and Saint Petersburg. These studies, conducted by a few scholars, often faced immediate censorship and were transferred to state secret archives. Despite receiving state awards, such as medals, housing, cars, vacation vouchers, and monetary rewards, these scholars’ doctoral and professorial monographs were not widely published or made available in institute or university libraries. For instance, the invaluable works of Kazakh scholars like Evney Buketov, Alikhan Bukeikhan, and Shakarim, who wrote significant contributions to the history of the Turks, were either destroyed (burned) or placed in secret archives.

In Kazakhstan, research on Mehmet Akif Ersoy, or the translations of his poems into Kazakh, began only after the country gained independence. Though few, these works are valuable, as translating a poet with such a complex style and language as Mehmet Akif Ersoy is a challenging task. The available research in Russian is primarily influenced by Soviet-era political tautology and “proletariat” templates.

The Turkish national anthem encapsulates the public’s aims and interests, wishes, and obligations in a specific order. Each word of the anthem is filled with a common human fervor and philosophical intent, executed with artistic beauty and elegance. Every word in the anthem aligns perfectly, like a well-fitted stone in the

edifice of national independence. Mehmet Akif Ersoy managed to encapsulate profound concepts and substantial philosophical reflections within the ten verses of his poem. Alongside political fervor, the anthem conveys hope and courage, celebrating the human spirit and national consciousness. It emphasizes self-awareness, love, and respect for the homeland, and contentment with what one has. The anthem's compositional structure starts with verses expressing human fear, darkness, and helplessness, which subsequently transform into verses of hope and confidence. Mehmet Akif Ersoy paid particular attention to words and phrases, frequently employing various phrasal structures and popular expressions. Examples include terms like state, nation, martyrdom, justice, religion, language, consciousness, prayer call (azan), heaven, and hell. Some words and phrases are elegantly repeated, maintaining rhyme and meaning according to their context and structure.

Mehmet Akif Ersoy's works, coinciding with the First World War and the Bolshevik Revolution in Tsarist Russia, resonate with the principles of the Kazakh Alash Orda political movement and government. We can observe the historical and political similarities between these two significant Turkic nations. However, over time, Kazakhstan, under Soviet totalitarianism, was compelled to change its national anthem multiple times to align with the prevailing political context. In contrast, Mehmet Akif Ersoy's national anthem has been passed down unchanged for a century, testament to his diligent work and sharp intellect. This enduring legacy is a source of pride for both Turkey and Kazakhstan.

The centenary of the Turkish national anthem, İstiklâl Marşı, written by Mehmet Akif Ersoy, stands as a testament to the resilience and enduring spirit of the Turkish nation. It continues to inspire and evoke national pride, bridging the past with the present and future. The anthem remains a significant cultural and historical artifact, symbolizing the unity and steadfastness of the Turkish people through generations.

